Жабдыққа тікелей түсірілген нұсқаулар, мәселен:

- айналу бағытын көрсететін меңзер,
 - айдалатын ортаны беруге арналған қысымды келте құбыр таңбасы,
- міндетті түрде сақталуы және оларды кез-келген сәтте оқуға болатындай етіп сақталуы тиіс.

1.3 Қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктілігі және оларды оқыту

Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ монтаждауды орындайтын қызметкерлердің атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Қызметкерлер құрамы жауап беретін және ол білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге қазіреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

1.4 Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарды сақтамаудың зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін.

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін. Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан қызметкерлер өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, орындау

Жұмыстарды атқару кезінде монтаждау және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін қызметкерлерге арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектерді бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен монтаждау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және монтаждау жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандамен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Монтаждау мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтау кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосымша буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі.

Бұл символды сіз қауіпсіздік техникасы нұсқаулығымен қатар таба аласыз. Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты сенімді пайдалануға тек «Қолданылу аясы» бөліміне сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті рауалы мөндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес болуы керек.

Мейлінше жоғары сақталу мерзімі 2 жылды құрайды. Сақтау және тасымалдау барысындағы температура: -20 °C-ден +70 °C дейін.

Сорғы қондырғысын толтырылған айдау сұйықтығымен бірге сақтауға жол берілмейді.

Нұсқау

Сорғыны сақтауға орналастырар алдында одан айдау сұйықтығын құйып алып, электр қорегінің желісінен ағыту керек.

3. Құжаттардағы символдар мен жазбалар мәні



Ескертпе
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Ескертпе
Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тоғына түсу себебі және адамдар өмірі мен денсаулығына қауіпті салдарларына ие болуы мүмкін.

Назар аударыңыз

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның қауып туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.

Нұсқау

Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Атаулы нұсқаулық JPB 5 и JPB 6 жиынтықты сорғы қондырғысына таратылады.

Құрылымы

Қондырғы толық жиынтықталған, пайдалануға және қосылуға дайын агрегатты қарастырады, жиынтығына келесі кіреді:


- өздігінен соратын эжекторлы сорғы JP 5/JP 6
- мембраналық қысымды бак
- қысым релесі, манометр, және жерге қосылған контактысы бар штекер мен кабель

Қондырғының құрылымына кіретін қысымды бак тот баспайтын болаттан жасалған тұтастыратын ниппелі бар екі қабатты полиуретан-эпоксидпен қапталған металды ыдысты қарастырады. Оның ішінде металдың айдап қотарылатын сұйықтықпен байланысын болдармайтын полипропиленді қабықша және ас резеңкесінен тұратын мембрана орнатылған.

JPB қондырғысының комплектісіне кіретін JP сорғыларының құрылымы:


- айдалатын сұйықтықпен түйісетін, құрылымының негізгі тетіктері: білік, жұмыс дөңгелегі (19-айқ.) корпус (16-айқ.) және жалғау штуцерлері тот баспайтын болаттан жасалған;
- тот баспайтын болаттан жасалған, графит/керамика үйкеліс жұбы бар бүйірлік тығыздағыш сорғының ұзақ қызмет жасауын қамтамасыз етеді;
- эжектор (14-айқ.) пластиктен жасалған (Luganul);
- барлық тығыздағыш шығыршықтар нитрильді резеңкеден жасалған;
- шарлы мойынтіректердің екі блогы біліктің сенімді бекітілімі үшін орнатылған.

JP 5 және JP 6 сорғыларының кесігі 1 және 2-суреттерде ұсынылған.



1-сур. JP 5 сорғысының кесігі

TM00 815Z 1496



2-сур. JP 6 сорғысының кесігі

TM00 8150 1496

Типтік белгілері

Мысал	JPB 5 A	-A-A-C-C-P 1x220-240 V 50 Hz	24 l
	JPB 6 A	-B-A-C-A-C 1x220-240 V 50 Hz	60 l

Типтік қатар JPB
Сорғы 5: JP 5 6: JP 6
Сорғы нұсқасы A: Стандартты X: Арнайы

Басқару құрылғысы F: PM 1-1,5 бар B: PM 1-2,2 бар C: PM 2 D: Қысым релесі	Бак көлемі
--	------------


Құбырлық біріктіру	
A Кіріс келте құбыры	JP Сыртқы бұранда G 1"
Шығыс келте құбыры	5-қозғалғыш клапан Сыртқы бұранда R 1"
B Кіріс келте құбыры	JP Сыртқы бұранда G 1"
Шығыс келте құбыры	PM Сыртқы бұранда G 1"
X Басқа кескіндеме	

Кабель және штекер	
C	1,5 м кабель, штекері бар
D	1,5 м кабель, штекері жоқ
E	Кабелі жоқ

Айдап - қотарылатын сұйықтықпен түйсетін материалдар.	
A: Муфта	Тот баспайтын болат 1.4301
Шам	Композит
Гидравликалық бөлшектер	Композит
Қысым реттеуіші	PP30GF+Бутил Бак
GT-Н бағы	Бутил+Полипропилен
B: Муфта	Тот баспайтын болат 1.4301
Білік	Тот баспайтын болат 1.4301
Гидравликалық бөлшектер	Тот баспайтын болат 1.4301/Композит
Қысым реттеуіші	PP30GF+Бутил
GT-Н бағы	Бутил+Полипропилен

Қорек көрнеуі	
C:	1x220-240 В, 50 Гц
F:	3x220-240/380-415 В, 50 Гц

Фирмалық тақташа



3-сур. JP сорғыларының фирмалық тақташасы

Айқ. Атауы	
1	Типтік белгілері
2	Моделі (модельдің соңғы 4 саны дайындалу жылы және аптасын білдіреді)
3	Қорек көрнеуі
4	М.ж. ток

5	Токтың жиілігі
6	М.ж. қысым
7	М.ж. тегеуірін
8	Шығарушы ел
9	Номиналды ток
10	Қорғаныш дәрежесі
11	Тұтынылатын қуат
12	Номиналды шығын
13	Қоршаған ортаның м.ж. температурасы
14	Айдалатын сұйықтықтың м.ж. температурасы
15	Энергиялық тиімділік сыныбы
16	Нарықтағы айналым белгілері

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастама бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз. Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз. Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту

Ескертпе

Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.



Назар аударыңыз!

Құрылғыны тұтыну кабелінен көтеруге рұқсат етілмейді.

6. Қолданылу аясы

Grundfos компаниясының JPB қысым арттыру сорғы қондырғылары суды және басқа да таза, тұтқыр емес, жарылуға қауіпсіз, агрессивті емес, құрамында қатты заты және талшығы жоқ, сорғы материалына қатысты химиялық активті заты жоқ сұйықтықтарды айдау үшін қарастырылған.



Ескертпе

Сорғыны жеңіл тұтанғыш сұйықтықтарды, мысалы, дизельді жанармай мен бензинді айдау үшін қолданбаңыз.

JPB қондырғылары ұзақ мерзімді пайдалану қасиеті мен жоғарғы сенімділігімен ерекшеленеді. Эжектор арқылы өздігінен сору мүмкіндігі жоғары сорғыш қуатын қамтамасыз етеді. Шағын өлшемі мен ыңғайлы пішіні бұйымның қолданылуын және жылжытуын жеңілдетеді. Осы арқылы тұрмыстық су тұтыну арқылы ыңғайлы біраз мақсаттарға қолдануға болады: үздіксіз сумен қамтамасыз етуге арналған өздігінен сорылатын сорғылар қолданылатын жер үйлерде, бақшаларда, демалыста және басқа да аймақтарда суды тұтыну және суды айдау үшін қолдануға болады.

Негізгі қолдану салалары:


- Бақша суару үшін;
- Сұйық қоймаларды және бактарды толтыру және босату үшін;
- Саяжайларда және т.б. сумен жабдықтау үшін.

7. Қолданылу қағидаты

JPB қысым арттыру қондырғыларының сәрекет қағидаты сорып алу келте құбырынан тегеурінді келте құбырына жылжитын сұйықтықтың қысымын жоғарылатуда негізделген.

Қысымды жоғарылату эжектор қозғалтқыштың сорғы білігімен айналып тұрған жұмыс дөңгелегі арқылы біріктірілген білігінен механикалық қуат беру жолымен жүргізіледі. Сұйықтық кіруден эжектор арқылы жұмыс дөңгелегінің ортасына ағады және түбіне қарай оның қалақтарының бойымен ағады. Сыртқа тепкіш күштердің әсерінен сұйықтықтың жылдамдығы ұлғаяды, бұндай кезде, қысымда пайда болатын кинетикалық қуат өседі. Спиральды камера (ұлу) жұмыс дөңгелегіндегі сұйықтықты жинап, оны тегеурінді келтеқұбырға бағыттауға арналған.

Қондырғы қысым релесі арқылы іске қосылады және ажыратылады. Су алдымен мембраналық қысым бактан беріледі, 4-сур. қар.



TM00 2823 0394

4-сур. Мембраналық қысым бағы

Сорғы келесі екі шартты орындау арқылы іске қосылады: оны элетр розеткасына жалғағаннан кейін және қысым алдын ала белгіленген «қосу қысымы» мәніне түскенде іске қосылады. Қажетті шығын төмендегенде, қондырғы шығысындағы қысым көтеріледі, ал «қосу қысымы» белгіленген мәніне жеткенде қысым релесі сорғыны істен шығарады (іске қосар алдында және ажыратылғаннан кейін орындалатын дәлірек әрекеттер 8 және 9 тарауларда белгіленген).


8. Құрастыру

Бұйымды құрастыру жөнінде қосымша ақпаратты Қысқаша нұсқаулықтан ала аласыз (Quick Guide).



Ескертпе
Осы қондырғы орнатылатын жүйе сорғының мейлінше жоғары қысымына шамалануы керек.

Қондырғы өндіруші зауытта 5-сур. түйіндерді құрастыру белгіленуге сәйкес құрастырылады. Бұrandаны тефлонды баумен немесе кендір жіппен тығыздау ұсынылады. Құбыртек пен бак арасында төсем орнатылуы керек.



TM00 2826 3504

5-сур. JPВ қондырғысының түйіндерін құрастыру (зауытта)

Сорғы және бак тігінен орнатылуы тиіс. Ұзындығы 10 метрден жоғары сору магистральдары үшін немесе сору биіктігі 4 метрден жоғары болған кезде сору құбырының диаметрі 1 дюйм (2,54 см.).

Сору режимінде жұмыс істеу кезінде сору магистраліне кері клапан орнату ұсынылады. Иілгіш сору магистралі ретінде арматураланған құбылшек қолданған жөн. Сорғының ішіне қатты бөлшектердің түсуін болдырмау үшін, сору магистраліне сүзгі орнатуға болады. Сорғыға құбыр магистралінен механикалық күш берілмеуі тиіс.

Қондырғыны іске қосу және құрастыру жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек. Электрқозғалтқышты жабуға тыйым салынады, себебі оны салқындату үшін белгілі мөлшерде ауа қажет. Төңкерілу, құлау және кенеттен жылжуын болдырмау үшін, қондырғы пайдаланылатын жерінде берік бекітілуі керек. Нығайтқыш жеткізілім комплектісіне кірмейді. Нығайтқыш түрі қондырғы бекітілетін табан материалына байланысты.

8.1 Құбыр желісіне қосылу

Жалғанған құбыр желілерінің лайықты өлшемдері болуы керек.


Құбыр желісі айдау және сору (қажет болса) кезінде ілмекті арматурасымен қамтылуы керек. Сорғыш және қысымды келте құбырларында арматура жабық болса қондырғыны іске қосу және жұмыс істетуге тыйым салынады.



Ескертпе
Қондырғының сорғыш құбыр желісінде қабылдау (кері) клапанын құрастыру керек, егер ол құрылыммен қарастырылмаса.

8.2 Эжекторлы клапан

Сорғымен бірге жеткізілетін эжекторлы клапан алдын ала орнатылмаған және ол пайдалану орнында құрастырылуы тиіс. Бұл үшін ағызып алу саңылауының (6-сур. қар.) (V) тығынын босатып алып, эжекторлы клапанды саңылауға бұрап бекіткен жөн.



6-сур. Сорғыны толтыру

TM00 5405 4995



**Тығыздауышты шығыршық
эжекторлы клапанға сенімді
түрде бекітілуі керек.
Клапанды қолмен тартуға
болады.**

Нұсқау

8.2.1 Эжекторлы клапанды реттеу

Тығынға (V) кіріктірілген эжекторлы клапан екі күйге бұрала алады (8-сур.).

7-сур. эжекторлы клапан күйі сорғының тегеурінді сипаттамасына қалай ықпал ететіндігінің мысалы келтірілген.



7-сур. Эжекторлы клапан айқындамасына байланысты шығысты-тегеурінді сипаттамалар

Айқ. 1

Клапанды солға (сыртқа) бұру. Егер сорғыш магистраль толып тұрмаса және сорғыны сумен толтыру керек болса 1 Айқындама таңдалады.

1 Айқындама егер аз су және жоғары қысым керек болса да таңдалады.

Айқ. 2

Клапанды оңға (ішке) бұрау керек.

Егер сорғы толса және көп су мен төмен қысым қажет болған жағдайда 2 Айқындама таңдалады.

Айқ.	Эжекторлы клапан	Бағыт
1		солға (сыртқа)
2		оңға (ішке)

TM04 2289 2308

TM04 2300 2308

8-сур. Эжекторлы клапан күйі

9. Электр жабдығын қосу

Бұйымды электр жабдығына қосу жөнінде қосымша ақпаратты Қысқаша нұсқаулықтан ала аласыз (Quick Guide).

Электр жабдығын қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.



Ескертпе
Электр жабдығын құрастыру уақытында электр қорегінің кездейсоқ қосылуы орын алмауына көз жеткізіңіз.



Ескертпе
Барлық полюстерді ағыту барысында, сыртқы ажыратқыш арасындағы ауа саңылауы 3 мм-ден кем болмауы керек (әр сорғы үшін). Алдын ала сақтандыру мақсатында сорғыны жерге тұйықтауы бар розеткаға жалғаған жөн. Стационарлы қондырғыны ≤30 МА ағыту тоғы бар жерге жылыстау тоғынан қорғанышымен (ҚАҚ) жабдықтау ұсынылады.

Бір фазалы электр қозғалтқыштардың кіріктірілген жылу релелері бар, сондықтан олар қосымша қорғанышты қажет етпейді.

Электр жалғауларын клеммалы қораптың ішіндегі схемада көрсетілгендей қылып орындаңыз. Тексеріңіз, жұмыс кернеуінің және жиілігінің мәні фирмалық тақташада белгіленген номиналды деректерге сәйкес болуы керек. JP 5 және JP 6 сорғыларының электр қуат желісіне қосылу кестесі *1-Қосымшада* көрсетілген.

10. Пайдалануға беру

Пайдалануға беру жөнінде қосымша ақпаратты Қысқаша нұсқаулықтан ала аласыз (Quick Guide). Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдау-тапсыру сынағынан өтеді. Орнату орнындағы қосымша сынақтар талап етілмейді.

Назар аударыңыз

Сорғыны айдау сұйықтығынсыз 4 мин артық пайдалануға болмайды.

Нұсқай

Қондырғының сорғыш құбыр желісінде кері клапан орнату ұсынылады.

10.1 Сорғыны толтыру

1. Құю мойнынан тығынды алу (P) (6-сур. қар.).
2. Сорғыға су толтыру.
3. Кейін тығынды қайта қойып, қолмен мықтап тарту.

Енді сорғыны пайдалануға енгізуге болады. Сору режимінде сорғының суды айдауын бастау алдында 4 минутқа дейін уақыт өтуі мүмкін - сорғыш магистралінің диаметріне және ұзындығына байланысты.

Сұйықтықты ауасыз айдау барысында эжекторлы клапанды 2 Айқындамаға ауыстыруға болады (8-сур. қар.)

10.2 Білік тығыздағышын бейімдеу

Білік тығыздағыштарының жұмыс беттері айдалатын сұйықтықпен майланады, сондықтан тығыздағыш арқылы осы сұйықтықтың біраз мөлшері ағуы мүмкіндігін күтуге болады. Сорғыны бірінші рет іске қосқан кезде немесе жаңа біліктің тығыздағышын орнатқан кезде жылыстау деңгейі қажеттіге жеткенге дейін белгілі бір бейімдеу кезеңі қажет болады. Бұл кезеңнің ұзақтығы пайдалану жағдайына байланысты болады, яғни пайдалану жағдайындағы әрбір өзгеріс жаңа бейімдеу кезеңін білдіреді.

Пайдаланудың қалыпты жағдайында ағылатын сұйықтық буланып кететін болады. Соның салдарынан жылыстау табылмайды.

11. Пайдалану

Пайдалану жөнінде қосымша ақпаратты Қысқаша нұсқаулықтан ала аласыз (Quick Guide). Пайдалану шарттары *15. Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген. Егер қысым мәні осы қолданылымға сәйкес келмесе, төмендегі нұсқаулыққа сәйкес оны қалпына келтіріңіз.

11.1 Іске қосу және ажырату қысымын есептеу жобасы

Іске қосу қысымының жобасын есептеу кезінде осы факторларды есте сақтау керек:

- су бөлінетін жоғарғы нүктеде мейлінше төмен қысым қажеттілігі;
- сорғы мен су бөлінетін жоғарғы нүктеге дейінгі биіктік;
- құбырлардағы қысым төмендеуі.

Ұсынылатын ажырату қысымы есептелген іске қосу қысымының мәнінен +0,8...1,5 бар жоғары болуы керек.

Назар аударыңыз

Ажырату қысымы сорғы корпусының көтере алатын мейлінше жоғары шекті қысымынан артпауы керек.

11.2 Мембраналық қысымды сұйыққоймада тіреуіш орнату

Іске қосу қысымын орнатар алдында мембраналық қысымды сұйыққоймадағы тіреуішті есептеу керек. Мембраналық сұйыққоймадағы тіреуіштің ұсынылатын мәні сорғының іске қосу қысымынан 0,9 құрау керек.

Назар аударыңыз


Тіреуіштің көрсетуін аларда/ баптау алдында сұйыққойма қысымды магистральдың сұйықтығының қысымы астында болмауы керек! Зауытта бекітілген қысым релесінің баптауларын өзгерту мембраналық қысымды сұйыққоймадағы бастапқы өзгертулерді талап етеді (Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.)

11.3 Қысым релесін реттеу



Ескертпе
Қысым релесінің қақпағын ашар алдында міндетті түрде қорек кернеуін ажырату керек.
Қорек кернеуін іске қосар алдында және іске қосу/ажырату қысымын тексерер алдында қысым релесінің қақпағын бекітіңіз.

Ажырату қысымы сорғының және бактың м.ж. жұмыс қысымынан төмен болуы керек. Реттеу бұрандаларына жету үшін қысым релесінің қақпағын шешіңіз. (9-сур. қар.).



ТМ01 69/14 3799

9-сур. Қысым релесі

Ажырату қысымын реттеу

1. Ажырату қысымын көтеру үшін бұранданы сағат тілінің бағытымен бұрыңыз (9-сур. А айқ.). Ажырату қысымын төмендету үшін бұранданы сағат тілінің бағытына қарсы бұрыңыз. Бұл кезде реттелетін қысым өзгешелігі өзгермейді.
2. Сорғыны іске қосыңыз және манометр арқылы іске қосу/ажырату қысымының қажетті мәні орнатылғанын қараңыз.

Іске қосу қысымын реттеу

1. Іске қосу қысымын көтеру үшін бұранданы сағат тілінің бағытымен бұрыңыз (9-сур. В айқ.) іске қосу қысымын төмендету үшін бұранданы сағат тілінің бағытына қарсы бұрыңыз. Бұл кезде реттелетін қысым өзгешелігі ұлғаяды не сәйкесінше қысылады.
2. Сорғыны іске қосыңыз және манометр арқылы іске қосу/ажырату қысымының қажетті мәні орнатылғанын қараңыз. Осы қимылды сорғы қажет қысымда іске қосылып, ажыратылмайынша қайталаңыз.

Егер қондырғы ластанған сұйықтықтарды, мысалы бассейндегі суды айдау үшін қолданылса, жұмысын аяқтай салысымен бұл қондырғыны таза сумен жуу керек.

12. Техникалық қызмет көрсету

Бұйым таза сұйықтықты айдайтын болса, жарамдық мерзімінің толық кезеңінде мерзімді диагностиканы қажет етпейді. Қауіпсіздік шарасы ретінде қондырғыны айына 1 рет су ағып кетуіне, қорек кабелінің зақымдануына тексеру ұсынылады. Қорек кабелінде зақымдану болса, оны ауыстыру керек.

12.1 Мембраналық қысымды бактағы бастапқы қысымды тексеру

Қондырғының сенімді жұмысына кепіл беру үшін және іске қосудың рұқсат етілген м.ж. санынан аспау үшін, ұдайы, кем дегенде жылына 1 рет мембраналық қысымды бактағы қысымды тексеру ұсынылады.

Бастапқы қысымды кәдімгі шиналық манометр арқылы өлшеуге болады. Бастапқы қысымды ауа тартатын сорғының, компрессордың және т. б. көмегімен жоғарылатуға болады.

13. Істен шығару

JPB қондырғысын пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқышты «Ағытылған» күйіне ауыстыру қажет (немесе электр қуат беру сымын тоқ көзінен айыру керек).

Желілік ажыратқышқа дейін орналасқан барлық электрлі желелір үнемі кернеу астында болады. Сондықтан жабдықтың кездейсоқ немесе рұқсат етілмеген қосылымының алдын алу үшін, желілік ажыратқышты блоктау керек.


Назар аударыңыз

14. Төмен температуралардан қорғау

Егер қондырғы қолайсыз температуралар кезеңінде пайдаланылмайтын болса, зақымдануын болдырмас үшін, сорғының, құбыр желісінің және бактың ішінен айдалатын сұйықтықты ағызып жіберу керек.

JPB қондырғысын сақтауға қояр алдында одан айдау сұйықтығын құйып алу керек - бұл екі кезеңнен тұрады:

1. Сорғыдан айдау сұйықтығын құйып алу үшін, (P) және (V) бұрандалы тығындарын немесе эжекторлы клапан алып тастаңыз. 10-сур. қар.



TM00 5497 4995

10-сур. Сорғыны босату

2. Тығындарды және клапанды қайтадан орнатыңыз, оларды қолмен қатайтып тартыңыз.

15. Техникалық сипаттамалар

Сорғы	JP 5	JP 6
М.ж. беріліс	3,5 м³/ч	4,5 м³/ч
М.ж. тереурін	40 м	48 м
Сорып алу биіктігі:	м.ж. 7 м, айдау сұйықтығының температурасы +20 °C болған кездегі сору құбыр желісінің ұзындығы бойындағы қысымның жоғалуын қоса алғанда.	
М.ж. жұмыс қысымы:	6 бар	
Номиналды қуаты P1:	850 Вт	1400 Вт
Номиналды ток:	3,8 А	6,0 А
I _{start} :	13,0 А	26,0 А
n, біліктің айналу жиілігі:	2650 об/мин	2800 об/мин
Қоршаған орта температурасы:	от -20 °C до +45 °C	
Айдау сұйықтығының температурасы:	от 0 °C до +40 °C	
Кірудегі қысым:	қысым 1,5 бар жоғары болған кезде, айдау қысымы 2,5 бар төменді құрамауы тиіс	
Қорек кернеуі:	1 x 220-240 В, 50 Гц	
Оқшаулау сыныбы:	F (155 °C)	
Қорғаныш дәрежесі:	IP44	
Дыбыстық қуаттың деңгейі:	сорғының шу деңгейі 72 дБ (А) құрайды	
Іске қосулардың/тоқтатулардың жиілігі:	сағ. 100 м.ж.	
Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы:	95 % м.ж.	

2-Қосымшадағы жалғау өлшемдері мен габаритті өлшемдері.

JPB қондырғыларының тұтыну-қысымды сипаттамалары 3-Қосымшада көрсетілген.

16. Ақаулықтың алдын алу және жою

**Ескертпе**

Ақаулықтарды іздеуді бастар алдында қоректің берілуін ажырату керек. Электр қорегінің ажыратылғанына және оның кездейсоқ қосылуының болмайтынына көз жеткізіңіз.

Ақаулық	Себебі	Ақаулықтарды жою
1. Сорғы іске қосылмайды.	a) Желіде қорек жоқ.	Қорғаныш автоматын қосу немесе сақтандырғыштарды айырбастау. Егер жаңа сақтандырғыштар қайтадан жанып кететін болса, электр құрылғысын тексеру қажет.
	b) Сорғы лаймен бітелген.	Сорғыны жуып шаю. Сору магистраліндегі сүзгіні тексеру немесе айырбастау.
	c) Электр қозғалтқыштың ақаулығы.	Қозғалтқышты жөндеу немесе айырбастау.
2. Электр қуаты қысым релесіне беріледі, сорғыға берілмейді.	a) Сорғының электр қуаты қысым релесінің модулінен кейін сөнді.	Кабельдік жалғасуды тексеру.
	b) Қысым релесінің модулі ақаулығы.	Қысым релесінің модулін жөндеу немесе ауыстыру.
3. Су құбырының шүмегі ашық кезде сорғы жұмыс істемейді.	a) Қысым релесінің модулі мен жоғарғы нүкте арасындағы ұзындықтың қашықтығы тым үлкен.	Іске қосу қысымын реттеу.
	b) Қысым релесінің модулі ақаулығы.	Қысым релесінің модулін жөндеу немесе ауыстыру.
4. Сорғының іске қосылуы және ажыратылуы тым жиі.	a) Құбыр желісінде тесік бар.	Құбыр желісін жөндеу немесе ауыстыру.
	b) Мембраналық қысымды бакта алдын-ала берілетін қысым жоқ немесе бактың көлемі жеткіліксіз.	Бактың алдын-ала берілетін қысымын тексеріңіз және қажет болса мембраналық қысымды бактағы қысымды арттырыңыз. 11.2 және 11.3 бөлімді қар.
5. Сорғы жұмысын тоқтатпайды.	Қысым релесінің модулі ақаулығы.	Қысым релесінің модулін жөндеу немесе ауыстыру.
6. Электр қозғалтқыш жұмыс істеу кезінде ағытылып қалады.	Бір фазалы электр қозғалтқыштар: қызып кету салдарынан электр қозғалтқыштың термоажыратқышы іске қосылды.	Электр қозғалтқыш қалыпты температураға дейін суыған кезде термоажыратқыштың іске қосылуы автоматты түрде жүргізіледі. Егер бұл көмектеспесе келесі мәселелер және олардың шешімдері болуы мүмкін: <ul style="list-style-type: none"> • Жұмыс деңгелегі блокталып қалған (16.1 тарауын қар.) • Электр қозғалтқыштың ақаулығы. Қозғалтқышты жөндеу немесе айырбастау.


16.1 Сорғыны жуу және тазарту

Егер таза сумен олқылық жойылмаса, сорғыны тазарту тек оның жұмыс өндiрiмдiлiгiнiң азаюы жағдайында ғана талап етiледi.

Ескертпе
Жұмысты бастар алдында электр қорегiнiң ағытылғандығына көз жеткізiңiз. Электр қорегiнiң кездейсоқ қосылу қаупiнiң жоқтығына көз жеткізiңiз.



Мәтiн бойынша бұдан әрi көрсетiлген айқандамалар нөмiрi 11-сур. тиесiлi.



11-сур. JP сорғысын бөлшектеу

16.1.1 Сорғыны бөлшектеу


1. Қысым релесiн, манометрдi, кабель мен жерге қосатын контакторы бар штекердi шешу арқылы сорғыны бактан ажыратыңыз.
2. Клапанды 1 Айқындамаға бұрыңыз (8-сур. қар.)
3. Эжекторлы клапанды (25а айқ.) немесе тығынды (25-айқ.) бұрап ағытып, сорғыны босату.
4. Бұранданы (93-айқ.) бұрап босату және сорғы корпусын (16-айқ.) бекiтiп ұстап тұратын қамыты (92-айқ.) шешу.
5. Бұрағыш көмегiмен сорғы корпусын (16-айқ.) және электр қозғалтқышының шамын ажырату және корпусы шешiп алу.

6. Сорғы корпусынан эжекторды (14-айқ.) алып шығу.
7. Эжектор мен корпусы щетка немесе су ағынының тегеурiнi көмегiмен тазарту.
8. Жұмыс дөңгелегiнде (49-айқ.) лайдың жоқтығын тексеру. Қажеттiлiгiне қарай жұмыс дөңгелегiн щетка немесе су ағынының тегеурiнi көмегiмен тазарту (12-сур. қар.).

Қозғалтқыш бiлiгiнiң бұралуының алдын алу үшiн, желдеткiштiң қақпағын шешу арқылы электр қозғалтқышының желдеткiшiнiң қалақтарын ұстау керек.

Назар аударыңыз

Үлкен қысымды ағынды тазартуға қолданбау керек.



12-сур. Жұмыс дөңгелегiн тазарту

16.1.2 Құрастыру

1. Тығыздағыш шығыршықты (13-айқ.) сабынды сумен сулау және оны эжектордың сору келтеқұбырының жонылған жерiне орнату (14-айқ.).
2. Эжекторды сорғының корпусына орнату (16-айқ.). Тығыздағыш шығыршықтың (13-айқ.) сорғы корпусының сору келтеқұбырының шығыңқы жерiне дұрыс орналасуын тексеру.
3. Тығыздағыш шығыршықты (31-айқ.) сабынды сумен сулау және оны эжекторға орнату.
4. Саңылау тығыздағышты сабынды сумен сулау (91-айқ.), оны эжектордың жонылған жерiне орнату және тiрелгенше бұру.
5. Сорғының корпусын орнатылған эжектормен бiрге шамға кiгiзу. Тығыздағыш шығыршықтың (31-айқ.) дұрыс орналасуын тексеру
6. Қамытты (92-айқ.) сорғының корпусына кiгiзу және бұрандаларды мықтап қатайтып тарту (93-айқ. және 94-айқ.).
7. Тығынды (25-айқ.) немесе эжекторлы клапанды (25а айқ.) орнату. Эжекторлы клапанның 1 айқындамада тұрғанына көз жеткiзу (8-сур. қар.). Тығында немесе клапанды қолмен қатайтып тарту.
8. Қысым релесiн, манометрдi, кабель мен жерге қосатын контакторы бар штекердi жалғау арқылы сорғыны баққа жалғаңыз.

Қосымша түйiндер мен бөлшектерге тапсырыс берер кезде 11-суреттегi айқындама нөмiрiн және сорғының фирмалық тақтасында белгiленген деректердi көрсету қажет.

TM05 1603 38 11

TM05 1536 34 11

17. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro,
Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақтасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:


Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды


Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.

Схемы подключения насосов JP 5 и JP 6 к сети электропитания



1 x 220-230 V, 50 Hz
1 x 230-240 V, 50 Hz




1 x 220-230 V, 50 Hz
1 x 230-240 V, 50 Hz

TM00 2836 0394

Приложение 2.


Габаритные и присоединительные размеры установок JPBooster PT на базе насосов JP 5 и JP 6



Тип насоса	Объем бака [л]	Размеры [мм]				Вес [кг]
		A	B	C	D	
JP 5 JP 6	18	668	275	475	494	20
JP 5 JP 6	24	680	291	510	506	21
JP 5 JP 6	60	786	390	580	612	26

TM00 2833 0394

Приложение 3.





RU

Установки повышения давления JPB сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).
Сертификат соответствия:
№ ТС RU C-ДК.АИ30.В.00687, срок действия до 24.04.2019 г.
Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Истра, 25 апреля 2014 г.

KZ

JPB қысым арттыру қондырғысы «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011) «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.
Сәйкестік сертификаты:
№ ТС RU C-ДК.АИ30.В.00687 жарамдылық мерзімі 24.04.2019 жылға дейін.
«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2,
10 этаж, офис XXV. Бизнес-центр
«Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казахстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы к.,
Кек-Тебе шагын ауданы,
Кыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

98979226	1015
ECM: 1165430	

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think, innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.
© Copyright Grundfos Holding A/S